

БЕКІТЕМІН:

ЖШС «Бану-Түркеш» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Б.С.Умирзакова



**ЖШС «БАНУ-ТҮРКЕШ» БӨБЕКЖАЙ БАҚШАСЫНЫҢ
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
«БОТАҚАН» ОРТА ТОБЫНЫҢ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Түсінік хат

2024– 2025 оқу жылында ЖШС «Бану-Түркеш» бөбекжай бақшасының «Ботақан» ортаңғы тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
- «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама), Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

1. Физикалық қасиеттерді даму - дене шынықтыру аптасына үш рет
2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту - сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет , қазақ тілі күн сайын.
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту – математика негізі күн сайын.
4. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын, музыка аптасына бір рет.
5. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру – қоршаған ортамен таныстыру күн сайын.

Айы	Ұйымдас/н іс-әрекет	Ортаңғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Қыркүйек	Дене шынықтыру	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Бестемше, Тас қала, Қыз қуу, Асық ату, Шаңырақ, Теңге алу, Бес тас, Шертпе тас, Тоғыз құмалақ т.б.) «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында 2- апта) «Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында 3-апта) Еңбегі адал жас өрен, өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Табиғат орталығында, алаңқайда, топта, үйде қарапайым істерді орындатуға көмектесу (Ойын шаралар: Мен дұрыс киіне білемін, Қызық екен, Сұрақ-жауап, Тазалық біздің досымыз, Әдептілік әліппесі, Адалдық адамдықтың белгісі, Болады болмайды, Ы.Алтынсарин Бір уыс мақта, Әке мен бала шығармсын әңгімелеу т.б.) Негізгі қимылдар: Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру. Тепе - теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см) жүру. Жүгіру. Бірқалыпты жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура еңбектеу. Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Ырғақтық жаттығулар. бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.	Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді. Жүруде тепе-теңдікті сақтайды. оң және сол қолмен қашықтыққа лақтырады. Тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып, биіктіктен және ұзындыққа секіреді.
	Сөйлеуді дамыту	«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә,) дыбыстарды анық	Дауысты дыбыстарды анық айтады; Ойындар арқылы сөздік қоры дамиды. Сөздерді жіктелуіне, қарай байланыстырады; Суреттер мен заттар арқылы байланыстырып сөйлейді.

	айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау. Сөздік қор:Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктелуіне, қарай байланыстыру. Байланыстырып сөйлеу: Суреттерді, заттарды қарастыруда.	
Қазақ тілі	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру Ел боламын десек, бесігінді түзе, Еңбек еткен — мұратқа жеткен, Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас. Дос – ажарың, жолдас – базарың. «Тілім менің тірегім» ата-анамен тәрбиеленушілер арасында сайыс ұйымдастыру сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын арттыру, өз тілін құрметтуге үйрету Тілдік дамытушы орта Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен кунделікті еркін ойында. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін ескеріп , артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту Сөздік қор Ауызекі түрлі балалар әрекетінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануға қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату Байланыстырып сөйлеу Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту	Балалар ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасайды. Бір-бірімен кунделікті ойында еркін әңгімелеседі. Қоршаған ортадағы заттарды ауызекі сөйлеуде қолданады. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратады. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерді
Көркем әдебиет	«Балалар кітапханасы»-жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Кітаптарға қызығу/ты ояту Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру.	Суреттегі таныс кітаптарды эмоциональді түрде айта алады.
Математика негіздері	Қаржылық сауаттылық математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту.Заттарды зерттеу барысында олардың пішін көлемін көзбен өлшеу қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, (ойындар: Тенге алу, Айырмашылығын тап, Банкомат, Тенге бинго, Ақша жұмсап үйренеміз, Әмиян, Дүкен т.б.	Балалар «бір», «көп» ұғымдарын ажыратады; екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа,артық-кем) салыстыра алады. Геометриялық фигура: үшбұрышты біледі. Өзінің дене мүшелерін бағдарлай біледі. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлай

	Сан. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру. Шама. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигура: үшбұрышпен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз	біледі
Қоршаған ортамен таныстыру	«Үнемді тұтыну», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Еңбегі адал жас өрен: үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау Қауіпсіздік ережесі Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. ("Балалар", "Трамвай аялдамасы", "Автобус аялдамасы", "Метро аялдамасы", "Тройллебус аялдамасы", "Жаяу жүргіншілер жолы") жол белгілерімен таныстыру Бала, оның отбасы, үйі: «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. Өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.	Балалар өз құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезіне алады., әртүрлі ойындарды өз беттерімен ойнай алады.
Құрастыру	«Қамқор» жобасы Құстарға ұя саламыз, ата-анамен бірге өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған зат ұяның шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Әже өсиеті, Әке шапағаты, Ұрпақ сабақтастырғы жоба жұмыстарын жүргізу. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.	Құрастыруды қызығушылықпен орындайды;
Сурет салу	Бояулар сыры- топ аралық байқау Қазақ ою-өрнектерінің түрлері ("түйетабан", "құсқанаты") туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс	сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды.

	ұстауды үйрету.	
Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексазdan мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.	Заттарды мүсіндеуге қызығады; сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі;
Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.	Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады;
Музыка	« Күй күмбірі », балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.	Музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таниды;